

ӘОЖ 388.60

## САРЫ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЛІ МЕН СТИЛІ

**Орымбай Айзере Нұрланқызы**

[aizere.orymbai@gmail.com](mailto:aizere.orymbai@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Г.Ш.Әшірбекова

Соңғы жылдары бұқаралық мәдениеттің бір бөлігі «сары басылымдарға» деген көзқарас ерекше. Ақпарат құралдарының бұл түрі ХХ ғасырдың соңғы жылдарындағы әлеуметтік мәдени өзгерістер мен қоғамдағы түрлі жаңалықтарға байланысты қалыптасып, даму жолына түсті. Ақпарат тасқыны жүріп жатқан қоғамның басты сипаты - жаңалық, жеделдік, жылдам бейімделе білуінен көрінеді. Қарбалас тіршіліктен шаршаған әрбір адам психикасына ауыр тимейтін жеңіл ақпараттарды қабылдауға бейім. Әлеуметтік тұрмыстың қиындығы мен толып жатқан мәселелерден яғни шынайылықтан өзін аулақ ұстау үшін қоғамда «сары басылымдарға» деген сұраныс көбейді. Нарықпен бірге келген «сары басылымдар» ең алдымен пайда табуды мақсат етіп, ақпарат тарату, қоғамдық пікір қалыптастыру тіпті аудиторияны сауықтыру жағынан да жоғары деңгейге жеткен. Әлемдік журналистика тәжірибесінде «сары басылымдарға» деген көзқарас түрліше болып келгенімен, қазіргі таңда аудитория ауқымдылығы мен тақырыбы жағынан олар сапалы басылымдардың алдында тұрғанын байқаймыз.

Мәдениеттің танымдық және көңіл көтеру секілді тенденциялары «сары басылымдардың» басты мақсатымен сәйкес. «Сары басылымдар» және «сарылыққа» бейім баспасөзде ақпараттық қызметтен бұрын оқырманның көңілін көтеру алдыңғы жоспарға шығады. Көңіл көтеру және сауықтыру дегеніміз – құпия және тыйым салынған деректер арқылы бұқаралық психологияға әсер етіп, аудиторияны бұқаралық мәдениетті қалыптастырады. Бұл - көпшілікті өзіне тарту, қызықтыру, жұртшылықтың назарын өзіне аудару. Бұқара үшін өсек-аяң, өткір пікір, қатал сын, құпия ақпарат қашан да қызықты. Оның үстіне бірсарынды жаңалықтар, насихаттық мақалалардан жалыққан оқырман көңіл көтеретін себептерді іздейді. Сондықтан да «сары басылымдар» бұқаралық мәдениетпен қатар дүниеге келді десек артық айтқанымыз емес. Өйткені батыста газеттер элиталық топқа ғана арналып шығатын болғандықтан, оны аудитория толығымен қабылдай алмады.

Бұқаралық аудиторияны салмақты басылымдардағы насихаттық мақалалар жалықтырды. Оның үстіне мұндай басылымдарды үнемі алуға көпшілігінің қаржылық жағдайы болмады. Л. Землянованың «Ақпараттық қоғамдағы шетелдік байланыс» зерттеуінде: ««Сары басылымдардың» негізгі оқырмандары – білімі төмен, талғамға қызығушылығы жоқ, өздігінен шешім қабылдай алмайтын, журналистердің нұсқауын қуана қабылдайтын адамдар» [1,64-6]. Оқырмандарға арналып шығарған айқай-шу, өсек, бостандық пен иллюстрацияға толы жабайы баспасөзді тұтынушылар» деп пікір айтады. «Сары басылымдар» негізінен объективті шынайы ақпараттың принциптерін материалдық тұрғыдан

жоя алатын журналистердің қызметімен байланысты. Тобыр қашан да негативті эмоцияны тез қабылдайды және оның кімге бағытталғанына қарамастан, әрекетке көшеді. Бұл тұрғыдан «сары басылымның» қоғамдағы көпшіліктің санасын жаулап алуға бейім екендігін аңғарамыз.

Атап айтар болсақ, рейтинг көтеруге баса назар аудара отырып, анықталған тек дәйекті, деректі ақпарат тарататын басылымдар кейін «сапалық» және «сары басылымдар» болып екіге бөлініп қарастырылуының өзі біраз дүниені аңғартады. «Сапалық» басылымдардың мақсаты мен бағыты аты айтып тұрғандай түсінікті. Мемлекеттік, ресми шынайы ақпараттардың шоғырын осыннан табамыз. Бұл орайда «сары басылымдардың» қолданатын әдістері де журналистік этикаға әлдеқайда қарама-қайшылықтың көптігін байқатады: 1. Естен тандыарлық аты айғайлап тұрған тақырыптар арқылы сенсация жасау. Қазіргі таңда бұл типтес басылымдардың негізгі сүйенген жолдары осы. Көп естімеген дүниені жарқ еткізіп шығару. Алайда, оның ақиқат не жалған екендігіне күмән басым. Дегенмен, оқырман соны оқиды.

2 Эротикалық және порнографиялық дүниелерді жариялауда «сары басылым» өкілдері еш жалыққан емес. Ашықтан-ашық жазбалар жазу, түрлі суреттерді сыртқы мұқабаға орналастыру, ойдан шығарылған әңгімелерді басып шығару арқылы оқырман қауымға әсер ету бағытына жатқыза аламыз.

3 Дүрлікпе әңгімелер, елге танымал жандардың, билік өкілдері немесе жұлдыздардың жеке өміріне қатысты өсек-аянды тарату. Бұл да табыс табудың, оқырман жинаудың арзан әңгіме арқылы арзан жолы іспетті. Жеке адамның ар-намысын аяқ асты етерліктей мақалаларда осы типтегі басылымдарға тән.

4 Сонымен қатар, бүгінгі таңда әлдекімге не белгілі бір оқиғаға қатысты жалған ақпараттың көп таралу нүктесі «сары басылымдар» болды. Оған себеп, оқырманын санын арттыру, басылымның көптеп сатылуына не қаралуына ғана көңіл бөлуі. Ал, оның қоғамға ықпалы ешкімді алаңдатқан емес[2,145-б].

Сары басылымдардың тілі мен стиліне келгенде жоғарыда аталған принциптердің көбісі бұзылып жататынын да айтып өткен жөн. Сары басылымдардың аудиториямен байланысын зерттей келе, ондағы ұсынылатын мақалаларға талдау жасадық. Аудиторияны қызықтырудың жолдарын көптеген газет-журналдар түрлі сайытар өткізу, лоторея ойнату, ойын клубтарында ойнауға шақыру арқылы тауып келеді. Жеңімпаздар сыйлықтармен марапатталып, мақаласы баспасөзде жарық көреді. Бұған «Жұлдыздар отбасы» жүргізетін ұтыс ойындарын айтсақ болады. Соңғы кездері шығармашылық сайыстар өткізу дәстүрге айналуда. Ал кейбір басылымдар жұлдыздардың жанкүйерлерінің хаттарын жариялау арқылы ауитоияны қызықтырып келеді. «Жұлдыздар отбасы», «Жастар kz.» журналдары осыған дәлел. Көптеген басылымдар викториналық сауалдар, кроссвордтар береді. Тіпті етжеңді «Егемен Қазақстан» газетінде де сөзжұмбақ беріледі. Қызықтырудың мұндай пішіндері жекелеген азаматтардың сұранысын қанағаттандырады. Әрине, бұл байланыс қоғамдағы әлеуметтік мәселерді шешуге, қоғамдық пікір қалыптастыруға әсер ете бермейді. Сондықтан ірі басылымдарда штаттан тыс қызметкерлер бірлестігі жұмыс жасайды. Оған: штаттан тыс бөлімдер, тілшілер қосыны, қоғамдық редакциялық алқа, қоғамдық қабылдау, баспасөз тобы, әдеби бірлестік, фотоклубтар жатады. Қазіргі таңда республикалық басылымдарда тілшілер қосыны бар және онда әр аймақтан штаттан тыс тілшілер жұмыс істейді[3,201-б]. Штаттан тыс тілшілердің көмегімен басылым аймақтық мәселелерді қозғап, тақырып ауқымын кеңейтеді, мазмұнын байытады. Сонымен бірге болған оқиғаға жедел үн қоса алады.

Қоғамдық редакциялық алқа немесе кеңестер редакция жанында жұмыс жасайды. Олар редакция қызметкерлеріне көмектесіп, ақыл-кеңестерін айтады. Бұндай кеңес «Сыр бойы» газетінде ардагерлер кеңесі деген атпен жұмыс істеп келеді.

Ақпарат құралдарына қызығушылықты арттыру тұтынушының психологиялық жағдайына байланысты. Біреуге газет-жұмыс үшін, біреуге-оқу үшін, келесіге – көңіл көтеру мен тынығу үшін, басқасына материалдық ұтыс үшін қажет. Соңғы кездері осы ұтысқа

қызығушылық артып отыр. Аудитория қызығушылығының ең маңыздысы – материалға байланысты ой білдіруі. Жаңалықтарды, телерадио оқиғаларын, газет сұқбаттарын талдау біздің өміріміздің бір бөлшегі. Бұл - БАҚ аудиториясын кеңейтсе, ал адамдарда жаңа басылыммен танысуға деген қызығушылық оянады.

Кездесу», «Демалыс», «Сен+Мен», «Ләззат» тағы басқа «сары басылымдардың» бірінші бетінен бастап ұрлық-қарлық, адам өлімі жайлы оқиғаларды байқаймыз. Ондағы тақырыптардың өз оқырманын анадайдан шақырып тұрғандай. Мәселен, «Ләззат» газетіндегі П.Бауыржанның «Төсек жас талғамайды»[4], «Қысыр әңгіме» газетінде Ә.Қоңырбектің «Молда да еркек, қыздарды оңаша шақырады»[5], «Сырласайық оңаша» газетіндегі Н.Паизовтың «Түрме «паханымен» көңілде болған жігіт»[6] атты мақалалардың тақырыптары оқырманын таң қалдырады сөзсіз.

«Сары басылымдардың» тағы бір қозғайтын тақырыптары – жезөкшелік. Мәселен, «Дастан» газетінде жарық көрген Г.Бектайқызының «Алданып ары былғанған бойжеткен» атты хикасында Гүлбану атты қызды Серік есімді жігіт алдап кетеді. Осы ақпаратты «Туған жерге деген сағыныш», «Алғашқы көргені дұшпаны», «әкімнің үйінде қонақта», «Есіне түскен ескі оқиға» т.б. бірнеше тақырыпшалар бойынша қыздың жігітке алдану хикаясы баяндалады. Осы мазмұндас «Дүбірлі дүние» газетінің №18 санында Қ.Айданың «тағдыр салған тәлкек жол» атты оқиға кейіпкері Жайнаның өмірі баяндалады. Автор әңгімесінде кейіпкердің араға жыл салып өзгергенін көрсетеді. Бұл шығармалардың айтары көп болғанымен, жүйесіз құрылған сөйлемдердің жүйкеге тиетін тұстары аз емес. Жауыр болған тақырыптарды жариялаудан өздері де жалыққан «сары басылымдар» соңғы кездері бағытын да, мазмұнын да жақсартуға тырысқанын байқаймыз. Мәселен, «Махаббат» газетінде түрлі оқиғаларды баяндайтын екі-үш әңгіме жарияланады.

Тақырып жағына келер болсақ, «сары басылымдарда» жұлдыздар өмірі көбінесе белгілі адамдардың айтқан жұрт таңқаларлықтай немесе қызығушылық танытатындай пікірлерін тақырып беру әдісі жиі қолданылады. Яғни кейіпкердің өз сөзіне сілтеме жасау. Осы әдістің өзі газет-журнал таралымын көбейтіп, танымал етуге көмектеседі. Мәселен, кезінде М.Жүнісова мен З.Нұрқаділов арасындағы махаббат жұртшылыққа мәлім болғанымен, шындыққа көз жеткізе алмай жүргенде, «Ақ босаға» газеті «Арманым - бәйбіше болу еді, бұйырғаны - тоқалдық»[7] деген тақырыппен әншімен болған сұқбатты жариялады. Аудиторияның соншалықты таңқаларлық жағдайды қабылдағаны сонша, осыдан кейін-ақ газеттің таралымы күрт өскен.

Дәл осындай жағдайды қазіргі кезде Қ.Нұртасқа байланысты да айтуға болады. «Жастар kz» журналының 2011 жылғы №5 санында «Әнші жігіттің махаббаты» деген әңгімеде баяндалады. Алайда кейіпкердің аты өзгертіліп берілгендіктен, оқырман іштей Қайрат екенін білсе де бұл шынайылыққа жатпайды. Әңгімеде әнші жігіттің бала махаббаты, оны алдап тастап кетуі, алданған бойжеткеннің балалы болуы секілді бүгінге дейін жасырын болып келген деректер шртты түрде ғана айтылады. Көпшілік оның үйленгенін жасырып жүргендігін айтқанымен, әлі күнге журналистерге бұл туралы тіс жарған емес.

Тақырып қоюда бірсарындылық басым. Алдағы уақытта тақырыпты түрлендіру және оны безендіріп берудің деңгейін көтерген дұрыс. Көбінесе «түймедейді түйедей» етіп көрсетудің орнына оқырман шын мәнінде қызығушылық танытатындай тақырыптар қою керек. Мәселен, «Шоу бизнесті 500 доллармен бастадым» деген Айқын Төлепбергенмен болған сұқбаттың тақырыбы оқырманды таң қалдырып тұрған жоқ.

«Сары басылымдардың» тағы бір қозғайтын тақырыптары – жезөкшелік. Мәселен, «Дастан» газетінде жарық көрген Г.Бектайқызының «Алданып ары былғанған бойжеткен» атты хикасында Гүлбану атты қызды Серік есімді жігіт алдап кетеді. Осы ақпаратты «Туған жерге деген сағыныш», «Алғашқы көргені дұшпаны», «әкімнің үйінде қонақта», «Есіне түскен ескі оқиға» т.б. бірнеше тақырыпшалар бойынша қыздың жігітке алдану хикаясы баяндалады. Осы мазмұндас «Дүбірлі дүние» газетінің №18 санында Қ.Айданың «тағдыр салған тәлкек жол» атты оқиға кейіпкері Жайнаның өмірі баяндалады. Автор әңгімесінде кейіпкердің араға жыл салып өзгергенін көрсетеді. Бұл шығармалардың айтары көп

болғанымен, жүйесіз құрылған сөйлемдердің жүйкеге тиетін тұстары аз емес. Жауыр болған тақырыптарды жариялаудан өздері де жалыққан «сары басылымдар» соңғы кездері бағытын да, мазмұнын да жақсартуға тырысқанын байқаймыз. Мәселен, «Махаббат» газетінде түрлі оқиғаларды баяндайтын екі-үш әңгіме жарияланады.

Қазақстанда жарық көретін бірнеше «сары басылымдарды» парақтап, онда жарық көрген мақалалардың мазмұн, пішін, тіл, стиль ерекшеліктерін сараптай келіп, мына жайларды аңғардық.

Біріншіден, «сары басылымдардағы» жарияланымдар жанрлық тұрғыдан очерктің кейбір белгілеріне сай келеді. Бір адамның тағдырын баяндағанымен, оның өміріне ықпал ететіндердің тұрмыс-тіршілігіне көп мән берілмейді. «Қызық газеттегі» кезекті хикаяны оқып шыққан оқырман, шығарма шешуінде мәселені түсінгендей болғанымен, арада уақыт өте ол туралы мүлдем еске түсіре алмайды. Мұның себебі: а) мақалаға мәйек болған оқиғаның қисынсыздығы; ә) бес газеттегі жарияланымның авторы бір болғандықтан мазмұндық, мағыналық ұқсастығының болуы; б) шығарманың шешуші сәтінде бас кейіпкердің өлуі немесе құпия түрде қалуы.

Екіншіден, тақырып – шығарма мазмұнының негізгі арқауы, сондықтан да айтылатын жағдайдың бағыт-бағдары тақырыптан көрініп тұруы тиіс. Тақырып болашақ туындыға арқау болатын мәселелерді қамтитын жағдай, өмір құбылыстарының шеңбершегі болып табылады. «Сары басылымдарда» берілетін тақырыптар көбінесе шығарманың негізгі ойын білдіретін хабарлама сөйлемдермен беріледі. Мәселен, «Өмірі өксімен өткен қыз». Сондай-ақ «сары басылымдардағы» тақырыптарда кекесін, мысқыл басым.

Үшіншіден, «сары басылымдардағы» әңгімелердің композициялық құрылымы бірінші жақтан басталып, үшінші жақпен аяқталады. «Қыз зорлаған жігіттің хикаялары», «О дүниеден келген қыз» атты әңгімелердің басында болған авторы соңына қарай белгісіз себептермен көрінбей қалады. «Сары басылымдарда» жарияланатын әңгімедегі тартыс тек кейіпкердің өткенін еске ала отырып, бірқалыпты баяндауынан ғана көрініс табады. Дәл осы әдіс барлық «сары басылымдарға» тән.

Төртіншіден, тілдік, стильдік тұрғыдан «сары басылымдарда» тұрақты тіркес, мақал-мәтел жиі кездеседі. Оқиғаны баяндау барысында автор барынша көркемдік тәсілдерді молынан пайдалануға тырысады. Дегенмен әдепсіз, дөрекі суреттеулер біздің көңілімізден шықпағанын айту парыз. Аталмыш газеттерде жарық көрген мақалалар публицистикадан гөрі әдеби жанрға жақын. Қорыта айтқанда, «сары басылымдарда» жарық көрген әңгіме мен хикаялар, мақалалар ғылым жүзінде қалыптасқан қағидаға толық жауап бермейді. Оның себебі де әртүрлі. Қазіргі оқырманның көркем шығарма оқуға құлқы жоқ. Арнайы кітап дүкенінен көркем туындыны сатып алатындар аз. Сондықтан да көпшілік оқырман уақыт өткізу немесе өз проблемаларынан арылу үшін «сары басылымдарды» сатып алады. Біз қарастырған «Тамаша», «Махаббат», «Ләззат», «Дода», «Демалыс», «Сен+Мен», «Қызық газет», «Екеудің құпиясы», «Тағдыр», «Хикая», «Кездесу» және т.б. газеттер оқырман қызығушылығын оятып қана қоймай, өз аудиториясын да қалыптастырып үлгерген. Дегенмен қазақстандық «сары басылымдар» әлі де болса ұлттық менталитетімізге жат дүниелерден аулақ болғанын қалар едік.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Прытков А. В. Качественная и бульварная пресса в системе СМИ // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Филология. Журналистика. – 2011. – №. 2. – С. 211-215.
2. Сазонов Е.А. «Желтая» пресса в контексте развития печати XX века: социокультурный аспект. Воронеж., 2004. – 260 с.
3. Орлова Т. Газетный текст и фотография: поле взаимодействия. М: РИП-холдинг., 2000. – 275с.
4. Бауыржан П. Төсек жас талғамайды. // Ләззат №10, маусым.

5. Қоңырбек Ә. Молда да еркек, қыздарды оңаша шақырады. // Қысыр әңгіме. 13 маусым, 2010.
6. Паизов Н. Түрме «паханымен» көңілде болған жігіт. // Сырласайық оңаша. №19 қыркүйек
7. Тоқабәева Б. Арманым- бәйбіше болу еді, бұйырғаны – тоқалдық. // Ақ босаға. №161.  
Наурыз